

# МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ

**Мектептегі жәбірлеу** – бір оқушының немесе балалар тобының басқа балаға (балаларға) ұзақ уақыт бойы саналы түрде қатыгез (физикалық немесе психологиялық) әсер етуі.



**!** Мектептегі жәбірлеуді болдырмау үшін, алдын алу шараларын жүргізу қажет:

- ✓ осы білім беру ұйымында орын алатын жәбірлеу формаларын анықтау;
- ✓ оқушылар мен мұғалімдердің сауалнамасы, арнайы әдебиеттерді, бейнежазбаларды және т. б. зерттеу арқылы зорлық-зомбылық мәселесін талдау;
- ✓ балаларды қақтығыстарды шешудің, агрессияның кез келген түріне қарсы тұрудың сындарлы тәсілдеріне үйрету;
- ✓ жәбірлеудің көріністеріне жол бермейтін жағдайлар жасау;
- ✓ буллерлермен (агрессорлармен) және олардың ата-аналарымен әңгіме жүргізу;
- ✓ агрессивті оқушылардың деструктивті мінез-құлқын түзету, олардың отбасыларымен жұмыс істеу;
- ✓ мектеп ғимаратында және мектеп жанындағы аумақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- ✓ сыныптар мен мектептерде тұрақты кезекшілікті ұйымдастыру;
- ✓ сыныпта психологиялық жайлылық пен позитивті көзқарасты сақтау;
- ✓ оқушылардың қандай да бір белгілері бойынша оқшаулануын болдырмау;
- ✓ барлық шағымдар мен өтініштерге уақтылы және жедел жауап беру;
- ✓ балаларға менсінбейтін ескертулер жасауға жол бермеу;
- ✓ бүкіл сынып алдында оқушылардың біреуінің жеке қасиеттерін талқылау мен бағалауға жол бермеу;
- ✓ тұрақты түрде бірлескен іс-шараларды, экскурсияларды, сапарларды, қойылымдарды, газет шығаруды және т. б. ұйымдастыру және өткізу.

